

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**Телегенова Гүлнара Талғатқызы**gulna_ra_88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология магистрі,

Астана, Қазақстан

Қабасова Айым Даниярқызы

a.kabasova@mail.ru

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, биотехнология

мамандығының 1 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г. Айкинбаева

Жоғары мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастырып, жүзеге асыру қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады. Себебі, қазіргі кезде студенттер бірқатар әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтарға кездесуде, ол жастардың девиантты мінез-құлық, инфантильді болмысы, енжарлығы, жауапсыздығы, ұрыншақтығы, қатыгездігі, өмір мағынасын түсіне алмауы. Аталмыш мәселелердің өзектілігінен студенттерді психологиялық қолдау, психологиялық демеу және психологиялық серіктестікке зәру болатынын көрсетеді.

Психологиялық қызмет мамандарының арасында жүргізілген сауалнамалар, психологиялық қызмет ерекшелігін көрсететін дерекнамалардың (Интернет ресурстар, басылымдар, диссертациялық зерттеулер және т.б.) контент-талдауы белгілегендей, қызметті ұйымдастырудың әр түрлі формалары бар. Кейбір ЖОО-да психологиялық қызмет тікелей ректорға немесе басшылық ететін проректорға қарайтын өзіндік жеке құрылымдық бөлімше ретінде қызмет атқарады. Ал кейбір ЖОО-да психологиялық қызмет басқа құрылымдық бөлімшенің (психология және педагогика факультеті немесе кафедрасы, тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім және т.б.) құрамына кіреді. Егер психологиялық қызмет тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім құрамына кірсе, ол психологиялық емес, тәрбие, әлеуметтік, идеологиялық жұмыспен айналысады. Сөйтіп, оның қызметі мейрамдар мен басқа да ойын-сауық шараларын ұйымдастырумен байланысты болады. Алайда, ЖОО-да психологиялық қызмет жедел психологиялық көмек те, тапсырыстарды орындау үстелі де емес. Ол білім беру жүйесінің жеке элементтерінің қажеттіліктеріне жағдайға сәйкес қызмет көрсетпейді, ол осы жүйені және оның субъектілерін толық психологиялық қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Соңғы жылдары білім берудің практикалық психологиясында кеңінен қолданыс тауып, бекітілген психологиялық сүйемелдеу идеологиясы. «Психологиялық сүйемелдеу» түсінігі Ю.В. Слюсарев (1992), Р. Бардиер, И. Ромазан, Т. Чередникова (1993), М.Р. Битянова (1997), Е.И. Казакова (1998), Т.И. Чиркова (1999), И.А. Кибак (2000), Ю.М. Забродин (2002), Э.Ф. Зеера (2003) және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады. Көптеген зерттеушілер психологиялық сүйемелдеу түсінігі ретінде білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіншілігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологтың ұйымдасқан ерекше қызметін атап өтеді. Ал оның нәтижесі өзіндік таңдау және өзіндік шешімді қабылдау арқылы тұлғалық және кәсіптік даму болып табылады. Бұл жағдайда студент әсер ету объектісі емес, өзара байланысу субъектісі болып табылады.

Э.Ф.Зеер атап өткендей, психологиялық сүйемелдеу дегеніміз тұлғаның кәсіптік қалыптасуын игеру, қалыптастыру, дамыту және түзету. Кәсіби қалыптасуда, психологиялық сүйемелдеудің ең басты тапсырмаларының бірі тек тұлғаға уақытында көмек көрсетіп, қолдау емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға, өзінің қалыптасуына жауаппен қарауға үйрету, тұлғаның кәсіптік өмірде толық субъект болып қалыптасуына көмектесу болып табылады.

Психологиялық сүйемелдеу – бұл бір реттік шара немесе акция емес. Бұл – психологиялық қызметтің жүйелі ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмысы.

Өкінішке орай, қазіргі таңдағы әрекет етуші құқықтық нормалар оқу орындарындағы психологиялық қызмет қызметкерінің міндеттерін нақты түрде анықтамайды. Практикада оның

функционалдық міндеттерінің шекаралары үнемі қозғалыста яғни «шараларды ұйымдастырушыдан» бастап «оқу мен тәрбиенің маңызды сұрақтары жөніндегі сарапшыға» дейін анықталады. Сарапшы қызметінің тиімділігі көбінесе қызметтің қалай ұйымдастырылғанына, ЖОО әкімшілігімен, студенттермен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен, басқа да бөлімдермен және қызметтермен өзара байланысу жүйесінің дұрыс құрылғанына, психологиялық қызмет мамандарының қызметі мен құзыреттілігі қаншалықты білім беру ортасының қажеттіліктеріне сәйкес құрылғандығына, қаншалықты психологтар осы қызметті басқаратынына және оны практикалық сұраныс пен мәселелерге айналдыруына, оның шешу жолдарын табуына, қолдағы ресурстарды белсенді пайдалана білуіне байланысты.

Соңғы жылдардағы басылымдар мен материалдардың талдауы көрсеткендей, әр түрлі ЖОО-ның психологиялық қызметтің кадрлық құрамы біртексіз. Психологиялық қызмет басшысының беделі номиналды немесе шынайы болуы мүмкін. Номиналды беделі бойынша басшы қызметтің қызметкерлері арасынан сайланады, оның құзыретіне ЖОО әкімшілігі мен оқытушылық құрамы алдында қызметті таныстыру, диспетчерлік, әдістемелік және т.б. қызметтерді орындау кіреді, алайда, психологиялық қызмет қызметкері ретінде оған психологтың міндеттемелері де жүктеледі. Ал шынайы басшы ректор бұйрығымен тағайындалады, оның атқаратын қызметі басқа қызметкерлерге қарағанда ерекше яғни ол алдымен басқарушы, әдістемелік және ғылыми-зерттеулік функцияларды жүзеге асырады. Психологиялық қызмет басшысының беделін анықтау өте жауапты іс, себебі барлық жұмыстың ұйымдастырылуы, өзара байланыс жүйесінің болуы басшыға байланысты.

Кейбір ЖОО-дың штаттық кестесінде медициналық қызметкерлер де бар. Студенттер қажет болған жағдайда дәрігер-психиатрға жолығып, медициналық ем алуына болады. Қызмет жұмысына аралас кәсіптің мамандарын тарту соңғы кездегі студенттер арасында депрессиялы, үрейлі жағдайлардың көбейіп кету себебінен болып отыр. Бұл жағдай шетелдік ЖОО-дың (Еуропа, АҚШ, Канада, Австралия және т.б.) тәжірибесінде де кеңінен таралған, ол өзінің тиімділігін көрсетті.

Психологиялық қызмет қызметкерлері жалпы, педагогикалық, әлеуметтік, жас ерекшелігіне байланысты психология, психодиагностика, психологиялық түзету және психологиялық дайындық саласында іргелі білімдерді меңгеруі тиіс, сонымен қатар психологиялық ғылымның жаңа жетістіктерін игеріп, диагностиканың, психологиялық түзету және дайындық жұмыстарының ғылыми негізделген әдістерін қолдана білуі керек, сонымен қатар ұдайы біліктілігін арттырып отыруы қажет. Психолог әлеуметтік тұрғыда білім беру үдерісінің барлық субъектілерімен құрылымдық байланыс орнатуға құзыретті болуы тиіс. Өз қызметінде кәсіптік-этикалық қағидаларды басшылыққа алуы керек. Бұл қағидалар бұзылса, психологтың кәсіптік қызметі сәйкессіз болып есептеледі. Одан басқа, психологиялық қызметтің қызметкерлері өз құзыреттіліктері мен жауапкершіліктерінің шекараларын білуі қажет. Егер келіп түскен сұраныс психологтың функционалдық міндеттемелерінің немесе кәсіптік құзыреттілігінің шегінен асатын болса, бұл сұраныс қажетті көмек көрсете алатын маманға жіберіледі. Диспетчерлік қызметті атқару үшін психологиялық қызмет маманында әр түрлі әлеуметтік-психологиялық қызмет туралы мәліметтер базасы болуы тиіс. Бұл маңызды психологиялық мәселе туындаған жағдайда ЖОО студенттеріне немесе қызметкерлеріне уақытында білікті көмек көрсету үшін қажет.

Қазіргі таңда әрбір оқу орны өздігінен ЖОО-ның жалпы құрылымына сәйкес психологиялық қызметтің орны мен ролін анықтау мәселелерін шешеді. Психологиялық қызметтің ішкі құрылымы мен штаттық кестесі, оның кадрлық құрамы әр түрлі факторларға байланысты: ЖОО қызметінің бағыты, білім алушылардың сандық құрамы мен контингенті, ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы, ұйымдастырушылық-педагогикалық және психологиялық шарттар, т.б. Психологиялық қызмет қызметінің қалай ұйымдастырылғанына, өзара байланыс жүйесінің қалай құрылуына қарамастан, көбінесе жұмыс тиімділігі қызмет ерекшелігіне байланысты.

Сонымен, ЖОО психологиялық қызметі – біз үшін жаңа құбылыс, алайда, көптеген мемлекеттер үшін студенттерге психологиялық көмек көрсету және қолдау дәстүрлі әрекет болып саналады. Бұл қызмет ЖОО-ның ұйымдық құрылымының маңызды бөлігі болып есептеледі. Соңғы кезде ЖОО-да психологиялық қызметке көбірек назар аударыла бастағандықтан, ұйымдық құрылымның жаңа саласы деп қарастыруға болады. Бұл мәселе ғылыми басылымдар мен әр түрлі

деңгейдегі конференцияларда талқыланып келеді. Қазіргі таңда ЖОО психологиялық қызметін қалыптасу сатысында деп айтуға болады. Бірақ, әлі де көптеген мәселелер бар: яғни оның дамуына әсер ететін құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және қолданбалы мәселелер. ЖОО психологиялық қызметінің дамуын тежейтін бірнеше факторларды да атап өтуге болады: концептуалды (ЖОО-дағы психологиялық жұмыстың қағидалары, мазмұны мен әдістері туралы нақты теориялық көріністер жоқ); құқықтық (ЖОО-ның ПҚ жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жоқтығы); экономикалық (қаржыландыру-мен байланысқан мәселелер, әлсіз материалдық-техникалық база); психологиялық (қазіргі заманғы жоғары білімнің міндеттерін шешуде психологиялық қызмет роліне нақты баға бермеу).

ЖОО психологиялық қызметі көбінесе қызметтің қалай ұйымдастырылғанына, ЖОО әкімшілігімен, студенттермен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен, басқа да бөлімдермен және қызметтермен өзара байланысу жүйесінің дұрыс құрылғанына, психологиялық қызмет мамандарының қызметі мен құзыреттілігі қаншалықты білім беру ортасының қажеттіліктеріне сәйкес құрылғандығына, қаншалықты психологтар осы қызметті басқаратынына және оны практикалық сұраныс пен мәселелерге айналдыруына, оның шешу жолдарын табуына, қолдағы ресурстарды белсенді пайдалана білуіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айкинбаева Г.К. Жоғары мектеп психологиясы. –Астана, 2015. -284б.
2. Битянова, М. Модели деятельности психолога в образовательном учреждении / М: Битянова, Т. Беглова- (Электронный ресурс // Школьный психолог. -2010. -№ 2.
3. Битянова, М. Р. Организация- психологической работы в школе. - М: Совершенство; 2014. 298 с.
4. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. –Алматы, 2012. – 492 б.
5. Забродин, Ю. М. Проблемы разработки практической психологии (о научных основах психологической службы). // Психологический журнал. - 1988. - Т. 1, № 2. -С. 5-18.
6. Пиковский Ю.Б., Латинская М.В. Практический опыт создания и функционирования психологической службы вуза: Психология: итоги и перспективы. –СПб., 1996. -134с.

УДК 378.172

ПРИВЛЕЧЕНИЕ МОЛОДЕЖИ К РЕГУЛЯРНЫМ ЗАНЯТИЯМ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТОМ

Тишинская Анастасия Владимировна

Nastyena_333@mail.ru

студентка 3 курса специальности физическая культура и спорт

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Липина С. Ф.

С 26 января 2016 года наша группа проходила учебную практику в средней школе №37 им. С. Мауленова. За время практики нами были проведены различные классные часы, спортивные мероприятия ну и, конечно же, уроки физической культуры. Во время проведения урока физической культуры в 9-11 классах нами были сделаны такие выводы:

- у детей низкая физическая активность;
- нет интереса к уроку физической культуры;
- низкая посещаемость урока физической культуры.

Спорт в жизни подростков влияет на них очень положительно. Занимаясь спортом, подросток: быстрее развивается, лучше ориентируется в пространстве, становится крепче, лучше ощущает собственное тело, меньше болеет, становится более эмоционально устойчивым.

Рассмотрим все по порядку: